

17 желтоқсан 2025 ж.



Air Astana: BAE Systems үлесін сату туралы мәлімдеме

«Эйр Астана» акционерлік қоғамы («Компания» және өзінің FlyArystan еншілес компаниясымен бірге - «Топ») BAE Systems компаниясы Топтағы өз үлесінің бір бөлігін өтінімдер кітабын қалыптастырудың жеделдетілген үдерісі арқылы сатуды жоспарлап отырғаны туралы хабарландыруды назарға алғанын хабарлайды. Мәміле туралы егжей-тегжейлі ақпарат тиісті жария ашуларда қамтылады.

BAE Systems компаниясы құрылғаннан бері Air Astana-ның негізгі серіктесі болып табылады. Топ 2001 жылы Қазақстан Республикасы мен BAE Systems бірлескен кәсіпорны ретінде құрылды. 2024 жылғы IPO шеңберінде BAE Systems өз үлесін 16,95% -ға дейін қысқартты және содан бері компанияның қолдаушы акционері және Директорлар кеңесіне мүшесі болып қала береді. Біз енді Топ BAE Systems қызметінің кең қызметінде негізгі актив болып табылмайтынын мойындаймыз және оның дамуының осы маңызды кезеңінде Топ құрамында жаңа акционерлердің қосылуын қолдаймыз. Біз сондай-ақ сату нәтижесінде акциялардың еркін айналымының ұлғайғанын атап өтеміз. Жақында Air Astana Топ тарихындағы әуе кемелеріне ең ірі екі тапсырысты жариялады, бұл біздің аймағымыздың өсу болашағына сенімділікті көрсетеді.

Қараша айында Air Astana 2025 жылдың алғашқы 9 айындағы нәтижелерін жариялады, олар түсім мен тасымал сыйымдылықтарының өсуінің тұрақты динамикасын көрсетті. Жалпы түсім 10,1% өсіп, 1 096,8 млн АҚШ долларына жетті, ал EBITDAR 3,5% өсіп, 262,2 млн АҚШ долларына жетті (маржа 23,9%). Нәтижелер туралы толық ақпаратты төмендегі сілтеме бойынша алуға болады:

https://ir.airastana.com/media/8de20f0a8d5a09c/air-astana-q3-results_kaz.pdf

Қосымша ақпарат үшін:

Air Astana Group

Инвесторлармен байланыс жөніндегі қызмет

investor.relations@airastana.com

Vigo Consulting (IR және PR сұрақтары бойынша кеңесші)

airastana@vigoconsulting.com

Air Astana тобы туралы

Air Astana тобы Орталық Азия мен Кавказ аймағындағы табыс көлемі мен әуе флотының ауқымы бойынша ең ірі авиациялық топ. Топ 62 әуе кемесінен тұратын флотқа ие, олардың бір бөлігі алғашқы рейсін 2002 жылы орындаған толық қызмет көрсететін Air Astana әуе компаниясына тиесілі, ал екінші бөлігі 2019 жылы құрылған FlyArystan бюджеттік әуе компаниясына тиесілі. Топ Орталық Азия, Кавказ, Қиыр Шығыс, Парсы шығанағы елдері, Үндістан және Еуропа бағыттары бойынша ішкі, аймақтық және халықаралық желілерде жолаушылар мен жүк тасымалын жүзеге асырады. Air Astana қатарынан он төрт жыл бойы Skytrax бойынша Орталық Азия және ТМД-дағы үздік әуе компаниясы атанып келеді және тоғыз жыл қатарынан Орталық Азия және ТМД-дағы ең үздік борт қызметі үшін марапатқа ие болды. FlyArystan үш рет Skytrax бойынша Орталық Азия және ТМД-дағы үздік бюджеттік әуе компаниясы ретінде танылды. Бұған қоса, Air Astana APEX (Airline Passenger Experience Association) ұйымының «Ірі әуе компаниясы» санатында бес жұлдызды рейтингін алды. Топ Қазақстан қор биржасында, Астана халықаралық биржасында және Лондон қор биржасында (тикер: AIRA) тіркелген.